

*Бастауыш сыныпта оқу
үдерісінде диалог әдісін
зерттеу әдістемесі.*

Слан Айдана, 102-23 тобы



**Диалог –
балалардың оқуға
деген ынтасын оята
алатын пәрменді
тетік**



Диалог – екі не бірнеше адамның кезектесіп сөйлесуі арқылы берілетін ауызекі тілдегі ерекше форма. Егер сөйлеушілер екеуден көп болса, онда ол **полилог** деп аталады.

Монологтан айырмашылығы диалогта сөйлеумен қатар тыңдау механизмдері қатар жүреді.

Бастауыш сыныпта диалогтік оқытудың тиімділігі



Диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосады. */Мерсер мен Литлтон/*

Диалогтық оқыту ұжымдық (мұғалім мен бала бірігіп тапсырманы орындайды) және өзара білім алмасуға жағдай туғызатын (мұғалімдер мен балалар бір-бірін тыңдап, идеялармен бөліседі және балама көзқарасты қарастырады) және қолдаушы (балалар қате жауап бергені үшін қорықпай, өз идеяларын еркін жеткізіп, бір-біріне өзара түсінікке жетулеріне көмектеседі) оқыту тәсілі болып табылады.





*«Диалог түрінде оқыту
оқушыларды ынталандыру
және дамыту үшін әңгіме
күшін қолдануға мүмкіндік
береді» /Александр/*

Александр тәжірибеде зерттелген диалогтің 5 үлгісін анықтады:



- **1.МЕХАНИКАЛЫҚ (мұғалім –сынып):** қайталау арқылы фактілер мен идеяларды зерттеу



- **2.АУЫЗША ЖАУАП (мұғалім-сынып немесе мұғалім-топ) :** мұғалім сыныпқа қайталауға арналған сұрақ қойып, оқушылардың жауаптарын бағыттап отырады.



- **3.НҰСҚАУЛЫҚ/ТҮСІНІК БЕРУ (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе мұғалім-оқушы)** оқушыларға ақпарат ұсыну немесе түсініктеме беру;



- **4.ТАЛҚЫЛАУ (мұғалім-сынып, мұғалім-топ немесе оқушы-оқушы)** ақпарат алмасу және проблемалық мәселелерді шешу мақсатында идеялармен танысу;



- **5.ДИАЛОГ (мұғалім-сынып, мұғалім-топ,мұғалім-оқушы немесе оқушы-оқушы)** құрылымдалған сұрақтар және нысаналы талқылау арқылы ортақ түсінік қалыптастыру;

Мерсердің зерттеуіне сәйкес әңгімелесудің 3 түрі бар:

Әңгіме-дебат

- Оқушылар бәсекеге қабілетті, басқа адамдардың көзқарасын қабылдауды қаламайды.

Кумулятивтік әңгіме

- Идеялар қайталанады және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме

- Әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүреді, топтағы қатысушылар келісімге келуге тырысады.



Әңгіме-дебат барысында:

- ой-пікірлерде үлкен алшақтық болады және әрқайсысы өз шешімдерінде қалады;
- ресурстарды біріктіруге бағытталған аздаған талпыныс жасалады;
- қарым-қатынас көбіне «Иә, бұл солай», «Жоқ, олай емес» деген бағытта жүзеге асады.
- Орта бірлесуден гөрі, көбіне бәсекелестікке бағытталған.





Кумулятивтік әңгіме барысында:

- айтылған пікірлермен тыңдаушылардың әрқайсысы механикалық түрде келісе береді;
- әңгіме білім алмасу мақсатында жүргізілгенімен, оған қатысушылар өзгелер ұсынған қандай да болсын идеяларды төзімділікпен тыңдайды;
- идея қайталанарды және жасалынады, бірақ үнемі мұқият бағалана бермейді.

Зерттеушілік әңгіме барысында:

- әркім ақылға қонымды мәлімет ұсынады;
- әркімнің идеясы пайдалы деп саналғанымен, мұқият бағалау жүргізіледі;
- қатысушылар бір-біріне сұрақ қояды;
- қатысушылар сұрақ қояды және оны дәлелдейді, осылайша әңгімеде дәлелдеме көрінеді;
- топтағы қатысушылар келісімге жетуге тырысады.



Диалогтік оқыту бұл...

- мұғалімнің тәрбиелік, “әмірлі” әңгімесі мен оқушылармен ашық диалогы арасында тепе-теңдікке жету;
- оқушылардың ойын білу және олардың дәлелдемелерін күшейту үшін бүкіл сыныптың талқылауын пайдалану;
- оларды Құру және даулау арқылы оқушылардың идеяларын пайдалану;
- сыныпта ашық талқылау жүргізуге оқушыларды ынталандыру;
- топтық жұмысты оңтайлы пайдалану.

Диалогтік оқыту бұл...


- Оқушылардың ауыз жаппай сөйлеуі;
- мұғалім тарапынан қажетті түсіндірулерді, нұсқаулар мен түзетулер жасамау **емес**.





Бүкіл сынып әңгімесінің екі түрі

- **Әмірлі:**
 - Нұсқаулық;
 - Көрсету;
 - Дәріс.
- **Диалог:**
 - Оқушылардың бастапқы идеяларын тудыру;
 - Топтың неге қол жеткізгенін есту;
 - Проблемалар мен түсінбеушіліктерді талқылау



...әмірлі әңгімемен қатар, тиімді
әсер етуге арналған диалогті
пайдалана отырып
диалог жүргізуге оқыту

Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды орын алады.



Сұрақтардың түрлері: төмен деңгейдегі, жоғарғы деңгейдегі

Сұрақ қою техникасы: түрткі болу, сынақтан өту, қайта бағыттау

Түрткі болу: *сұрақты қарапайым етіп қою, өткенді нысықтау.*

Сынақтан өту: *толық жауап беруге, ойын толық айтуға итермелейді. "Сіз мысал келтіре аласыз ба?" деген сұрақтармен бағыттайды*

Қайта бағыттау *сұрақты басқа оқушыларға бағыттайды.*

"Көмектесе алатындарың бар ма?" деген сұрақ қойылады.



Диалогтың бірліктері:

- Сұрақты мәселені талқылауға қатысу және өзінің ойын жеткізе білу;
- Пікірлестерден алынған хабарды толықтыра алу, нақтылай алу;
- Сөйлесушінің айтқандарына дау айта алу, келіспеу, өз дәлелін келтіру;



Диалогтың құрылымы:

Диалогта сұрақ, жауап, қарсы сұрақ, сөйлеушілердің көңіл-күйі, реакциясы (сөзбен берілмейтін) болады. Диалогтар қысқа (2-3 сөйлем) және мазмұнды, яғни ұзын болуы мүмкін.



ДИАЛОГТА КЕЛЕСІ АЙТЫЛҒАНДАР ОРЫН АЛАДЫ:

- **фразаларды, сөйлемдерді аяқтамау;**
- **Сөздің орнына қимыл, жест, мимика қолдану;**
- **Тек қана ауызекі сөйлеу барысында қолданылатын сөздерді қолдану;**



**Топтық талқылауды
жақсартуға не ықпал
етеді?**



Дау

Онда оқушылар...

Әрекеттесуден гөрі, көбірек
дауласады

Тыңдамайды

Әркім өз пікірін ұстанады ('Иә, бұл
осылай! – Жоқ, бұл олай емес!')

Өз қорытындыларын жасайды.



Зерттеуші талқылау, онда сөйлеушілер

- Барлығы белсенді қатысады
- Бір-біріне сұрақтар береді
 - “Сен не ойлайсың...?”
 - “Сен неге солай ойлайсың ...?”
- Тиісті ақпаратпен бөліседі
 - “Есіңізде ме..?”
- Өз пікірін негіздейді
 - “... сондықтан мен осылай ойлаймын”
- сындарлы сынайды
 - “Иә, бірақ.....”
- Келісімге қол жеткізуге тырысады
 - “ ... біз келісеміз бе?”

Шағын топтарда талқылауды ұйымдастыру

- Оқушыларға лайықты тапсырмалар қажет;
- Оқушыларға жеткілікті уақыт қажет;
- Алдын-ала араласпауға тырысыңыз, бірақ мүмкіндігінше қолдау көрсетіңіз;
- Көмек алардың алдында оқушылардан бір шешім қабылдауды сұраңыз және топ мүшелеріне жеке емес, тұтас арнап сөйлеңіз;
- Оқушыларға негізгі қағидаларды естеріне салып отырыңыз және олардың назарын тек дұрыс жауаптарға ғана емес, түсініктемелер мен мағынасына да аударып отырыңыз.
- Оқушылар үшін тапсырманы орындамай, оңтайлы талқылау құрып, тұжырымдамасын жасатыңыз.
- Оқушылардан талқылау барысында бағалауды және жауап алуды сұраңыз.



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ БАҒЫТЫ: ДИАЛОГТІК ТӘСІЛ ҚАНДАЙ МАҚСАТТАРҒА ЖЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН?

- Сабақ кезінде оқушыларды математикалық және ғылыми ойлауға белсенді тарту;
- Оларға тереңірек түсінуге көмектесу;
- Болашақта осы пәндерге қатысуын ынталандыру;
- Барлық сыныптың және шағын топтардың талқылау сапасын арттыру



ҚАЗАҚЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ ТУРАЛЫ ДИАЛОГ

-Сәлем Болат !

-Сәлем Арман !

-Болат, сен қазақ халқының ұлттық ойындарын білесің бе?

-..... .

-Білсең, маған айтып берші.

-Ия,айтайын. Олар :

..... .

-Рахмет Арман!

-Оқасы жоқ, Болат!





- Сәлем

- Сәлем.....

- Қалың қалай?

-

-

- Сен қандай тамақты жақсы көресің?

- Мен Ал сен ше?

- Мен

- Сен асханада жеуді ұнатасың ба?

- Ал саған ұнайды ма?

- , ананың дайындағаны дәмдірек болады болады!

- Иә, ананың дайындағаны дәмді !

- Сау бол

- Сау бол



Сыныптағы әңгімені қалай пайдаландым:

- Әңгімелерді бағалау үшін, сабақ беруімді аудиожазбаға жазып отырдым
- Тыңдадым және ойландым :
 - Оқушылармен салыстырғанда өзім қанша уақыт сөйледім?
 - Оқушыларға қандай сұрақтар қойдым?
 - Жауаптарын дәлелдеуді сұрадым ба?
 - Оқушыларға толығырақ жауап беруге мүмкіндік бердім бе?
 - Оқушыларда болжамды идеяларды бөлісуге ықыласы болды ма?
 - Оқушылардың идеяларын есте сақтадым ба және оларды талқылауға пайдаландым ба?

Жаңа тақырыпты бастау үшін қолданылған оңтайлы оқыту стратегиялары

- Тақырып бойынша бірнеше ашық сұрақ қойю.
- Бір немесе бірнеше оқушыдан өз ойын барлық сыныпқа түсіндіруді сұрау.
- «Неге» деген бірнеше сұрақ қойю.
- Оқушылардан не айтқандарын түсіндіруді сұрау.
- Кейін оларды сипаттау үшін, талқылау кезінде туындаған бірнеше даулы сәттерді жазып алу.
- Оқушылар ол нәрсе туралы өздерінің не ойлайтынын түсінгенше және өз беттерімен жұмыс істеп болмайынша дұрыс түсініктеме бермеу.



Нәтижесінде:

- оқушыларды тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырдым;
- пікір алмасып, бір - бірінің идеяларын талқылады, баға берді, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастырды;
- сұрақтарға жауап беру арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік алды;
- оқушылардың ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесті;
- оқушылардың қызығушылығын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосты;





**Құдіретті жасай бер, анам тілі,
Өзің барда ғажап-ақ ғалам күллі.
Шабыт құйып, сән беріп сендік
қуат**

Жол көрсетіп, әрлейді әрбір күнді.



**Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!**